

## «Философия» пәнін оқыту философиясы

Нұрадин Б. Гулхан

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор

E-mail: gnuradin@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-4067-9831>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-138-1-180-196

**Аннотация.** Бүгінгі күнігі оқыту - тек айғақтар мен ақпараттарды бір адамнан екінші адамға көрсету және баяндау арқылы берілетін іс-әрекет емес, керісінше, біздің практикалық біліміміз бен әлемді түсінуіміздің тәжірибемізге сүйене отырып әрбір білім алушының жеке-жеке құра алу мүмкіндігін беру. Білім алушының тәжірибесі көп болған сайын оның өзгеру және даму ынтасы арта түседі. Философия – адамзаттық болмыс негізі мен принциптерінің іргетасы, адамның табиғатқа, қоғам мен рухани өмірге деген қатынастарының мәндік сипаттары туралы жасақталған ілімдер жүйесі, әлемді танудың ерекше формасы және рационалды құралдар арқылы әлемнің жалпылама картинасын құру мен ондағы адамның рөлін анықтауға ұмтылатын болғандықтан оны оқыту философиясы да күрделі болары анық. Мақалада «Философия» бағыты бойынша білім беру бағдарламасын игеріп жатқан студенттер мен өзге білім беру бағдарламаларында оқып жатқан студенттерге арналған жеке білім беру тәжірибесі, оқу бағдарламасына сәйкес оқыту сабақ нұсқалары беріліп, сыналған контекстік факторлар ұсынылады. Аталмыш тәжірибелер «философия» пәнін философ емес студенттерге жүргізу барысында жеке оқу процестерін жеңілдетіп, пәнді тартымды етуге көмектесті. Ең бастысы бұл тәжірибе студенттерді философия пәнін игеру арқылы даналық пен ізгілікті, ақиқат пен адалдықты бойына сіңіру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу сынды терең мақсатқа қызмет етеді. Оған қоса, студенттердің өмір мәнділігін сезінуін, үнемі алға ұмтылып жетістікке жету керектігін, жаңашылдыққа ұмтылып қателесуден қорықпау қажеттілігі сияқты өмірлік сабақтарды үйренудің таптырмас және таусылмайтын шеберлігін дамытуға көмектеседі.

**Түйін сөздер:** оқыту философиясы; философиялық автобиография; ізгілік ізі; пре-пост жазба; ойлану фазасы; әрекет фазасы.

### 1. Кіріспе

Білім беруге қатысты жалпы философиялық мәселелерді қарастыру ішінара «білім философиясы», «философия әдіснамасы» сынды белгілі бір негізгі бағыттарды зерттеуге байланысты жүргізіледі. Философия барлық ғылымдар жүйесін қамтиды және барлық білім беру бағдарламаларына енгізілген міндетті пән болғандықтан оқу бағдарламасына қатысты сұрақтар оған кіріктірілген әртүрлі пәндерінің

эпистемологиясы мен методологиясына байланысты қарастырылады. Философиялық дәстүрдің білім беру мәселелерін зерттеу нысаны ретінде қарастырылуының тағы бір себебі - білімге қатысты көптеген іргелі сұрақтардың орын алуы. Нақтырақ айтсақ, білім беру мақсаты мен міндеттері, гуманитарлық білімнің қоғамдағы орны мен рөлі, табиғаты мен қалауы, идеологиялық бағыттарды сұрыптау және өңдеу, моральдық және интеллектуалдық қасиеттердің қалыптасу шарттары, қиял, шынайылық,

ақиқат және басқа да білім беру мәселелері тәуелсіз философиялық қызмет ретінде білім алушылар тарапынан қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, философияның барлық негізгі салаларында әртекті іргелі мәселелерді іздеу көбінесе білім беру мәселелеріне әкеліп тіреледі. Оларға үнемі назар аударып, зерттеу аясын кеңейту арқылы оқыту философиясы қарқынын арттыру мүмкіндігі бар.

## 2. Мәселенің қойылуы.

«Философия» пәнін игеретін әртүрлі білім беру бағдарламасындағы студенттерге бір оқу бағдарламасына негізделген пәнді жүргізе отырып оқыту траекториясын анықтау қажеттілігі туады. Оқыту траекториясын әдетте оқытушы өз білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып өзі іштей анықтайды, себебі ол белгілі бір құжаттармен бекітіліп нақтыланбайды. Мысалыға:

- Этикаға, танымға және сана философиясына байланысты оқыту, ойлау, ойлану, наным-сенімнің өзгеруі туралы сұрақтар бойынша студенттердің негізгі сенімдерін өзгертуге тырысқан жөн бе немесе өзгертпеген дұрыс па?

- Этика, таным, ойлау, дін және тіл философиясына байланысты оқытуды реттейтін мінез-құлық пен шектеулерге қатысты сұрақтар бойынша мәдениеті немесе қоғамдастығы оны қабылдамайтын студенттерге кереғар пікірлерді айтқан немесе ұсынған жөн бе?

- Этикаға, әлеуметтік-саяси философияға және әлеуметтік танымға байланысты студенттердің нақты әрекеттерінің дұрыстығына немесе бұрыстығына назар аудару керек пе?

- Белгілі бір нанымдарды насихаттауға, ұсынуға немесе идеологиялық сұрыптау жүргізбей, тарихи тұлғаларды негізге алмастан студенттің ойлау қабілетін дамытуға бола ма?

- Қазіргі заманауи теорияларды игеруге немесе жаңа ғылымды жасауға басты назар аудару керек пе?

- Университеттер демократиялық ұйым немесе қоғамдастық ретінде өзін жариялай ала ма?

Оқытушының оқыту траекториясын анықтау үшін қажет сұрақтар легі көп. Олар аудиториядағы студенттердің танымдық-логикалық деңгейіне байланысты ситуация үстінде өзгеріп тұрады, дегенмен белгілі бір пәнді оқыту принциптері тұрақтылықты қалайды. Мақалада ұсынылып отырған сабақ нұсқаларын тәжірибелеу оқытушының оқыту траекториясын анықтауға септігін тигізуі мүмкін.

## 3. Зерттеу әдістері.

Мақалада «Менің философиям» - философиялық автобиография», «Даналыққа құштарлық: ізгілік ізімен», «Философия вестибюлі», «Әдеби философия» сынды бірнеше сабақ нұсқалары берілген. Сабақта берілген тапсырмаларды орындау арқылы студент «адамның тағдырға мойынұсынуы» немесе керісінше «өмір қиындығын жеңуі» сынды экзистенциялық толғаныстарын ұғынады. Тұлғалар жетістігі арқылы өзіне мотивация алады. Оған қоса, тапсырманы, яғни әр фазаны ыждаһаттылықпен нұсқаулығы бойынша орындаған студент даналық ұғымының өзі үшін не мағына білдіретінін өзіне аша алады, өз бетінше ұғыну мүмкіндігіне ие болады. Студент өзін-өзі ұмтылдыру, өз бетінше білім алу, ең бастысы - өз-өзіне риза болу, адамды өз-өзіне сенімді етудің басты факторы екенін практикалық тұрғыдан анықтайды. Ақиқатқа жету үшін белгілі бір проблеманы ұсақ бөлшектерге бөліп, әр бөлшекке жіті мән беріп қарастыру қажеттілігін ұғынады.

## 4. Талқылау

«Жазу» – жаратқанның адамға берген керемет қабілеттерінің бірі. Жазу ойды сақтайды, оның құндылығын арттырады және келесі адамның жазбаны оқу арқылы жаңа түсінігінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Сурет салу, тіпті қазіргі түрлі бағыттағы

компьютерлік бағдарламалар да жазудың туындылары. Академик Ғарифолла Есім «есі толық енбеген бала қолына қарын-даш, қалам алса ақ қағаз бетін шимайлай бастайды. Алғашқы шығар-машылық ізденіс. Өзін өзгеге таныту тәсілі. Шимай - сол жағдайдың сәбилік деңгейдегі хабаршысы. Шимай – сәби сезімі, рефлексиясы, тіптен оның өзі енген әлемге көзқарасы» [1] - деген ой айтады. Алғашқы адамдардың тіршілік ету формасынан олардың тас, саз, ағаш, папирус тағы да басқа жерлерге қалдырған жазба іздері хабар беріп отыр.

1957 жылы Чикаго университетінің қызметкері Лео Оппенбейм Вавилондағы бухгалтерлік есеп жүргізу ісінен хабар беретін қуыс тақтайшадағы жазбалармен жұмыс істеді. Қуыс тақтайша немесе конверт, элементтер бойынша сына жазумен жазылған тізім, бұл бір кенседен екіншісіне ауысу үшін қажет болуы мүмкін. Онда 48 жануар тізбектелген: «21 қой, 6 ұрғашы қозы, 8 қошқар, 4 еркек қозы, 6 саулық ешкі, 1 теке, 2 лақ» [2, 4 б.]. Өкінішке орай, қазба жұмыстары кезінде тақтайшалар формасы бұзылған, алайда есеп жүргізудің нақты контентінің болуы сол кездегі шаруашылық, экономикалық есеп-қисап, қалалық өмір салтының дәлелі. Ғалым пікірінше, біздің дәуірімізге дейінгі 8000-ға жуық белгілердің пайда болуы өндірістің басталуымен сәйкес келеді [2, 4 б.]. Археологиялық зерттеу жұмыстары Чикаго университетінің зерттеушісі Лео Оппенбеймге жұқа саздан жасалған және әртүрлі пішіндерге құйылған, өлшемі 1-3 см болатын кішкентай артефактілер табуға мүмкіндік берген. Ең жиі кездесетін сарис, конус, диск, цилиндр және тетраэдр түрлері болды. Осылайша ғалым 1969 жылдың ортасынан бастап сазды қолданудың ең алғашқы түрлерін зерттей бастаған және үлкен жетістіктерге жеткен, тың жаңалықтар ашқан. Біздің заманымызға дейінгі 8000-5000 жылдардағы сазды артефактілер мүсіншелерді, бриткаларды іздеу жұмыстарын жүргізген ғалым «Түркиядан Израильге дейін және Сириядан Иранға дейін ұсақ токандар барлық жерде болды, бұл балшық таңбалауыштары арқылы

жазу бүкіл әлемде қолданылғаны белгілі» [2, 6 б.] деген тұжырым жасаған. Әр дәуірдің өзіндік жазба қолтаңбасы, жазу іздері бар, ол бүгінде электронды жазба іздеріне ауысуда.

Жазба тарихымен қатар әр адамның дүниеге келу күнінен, тіпті ұрық ретінде пайда болған сәтінен бастап өмірден өткен күні сәтіне дейінгі аралық оның автобиографиясы, қазақшаласақ өмірбаяны болып табылады. Көптеген танымал тұлғалардың өмірбаянын жалғастыратын, оның зерттеулерін ары қарай зерттей түсетін шәкірттері болады. Олардың өмірбаяндары өзі адам ретінде өмірден сызылса да ісі ары қарай жалғасын табады. Өмірбаян жазылуының белгілі бір қатаң шарты жоқ, бірақ жазу барысында белгілі бір реттілік, жүйелілік пен құрылымдық тетіктерді сақтаған жөн. Алайда өмірбаянда адам өміріндегі маңызды сәттер, алынған білім, қызмет еткен орындар, марапаттар, жетістіктер сынды негізгі жағдаяттар кеңірек ашылады. Тарихи маңызды тұлғалардың бала кезіндегі оқиғаның оның қызметіне ықпал етуі де өмірбаянда жазылады. Қазақ сынды өлеңге жаны құмар халықта өмірбаянды өлеңмен де өрлеген. Мысалы, Бұқар жыраудың «Ай, Абылай, Абылай» деген жыры Абылай ханның өмірбаяны бола алады. Онда жырау:

Ай, Абылай, Абылай,  
Сені мен көргенде,  
Тұрымтайдай ұл едің.  
Түркістанда жүр едің,  
Әбілмәмбет патшаға,  
Қызметкер болып тұр едің.  
Қалтақтап жүріп күнелтіп,  
Үйсін Төле бидің  
Түйесін баққан құл едің.  
Сен жиырма жасқа жеткен соң,  
Алтын тұғыр үстінде  
Ақ сұңқар құстай түледің.  
Дәулет құсы қонды басыңа,  
Қыдыр келді қасыңа.  
Тақ үйіне түнедің,  
Алыстан тоят тіледің.  
Қылышыңды тасқа біледің,  
Алмаған жау қоймадың,  
Алған сайын тойладың,

Нәсібіңді жаттан тіледің [3, 91 б.], – деп ханның балалық шағынан бастап хандық құрған

дәуіріне дейін сипаттап жырлайды. Тағы бір мысалы ретінде еліміздегі тың қадамдардың бірі «100 жаңа оқулық» жобасы бойынша философ-профессор Нұрышева Гүлжихан Жұмабайқызы басшылығымен аударылған Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін» кітабындағы Рене Декарттың өмірбаянында мынандай ерекше сәт бар: «Декарт 8 жасында Ла Флеш иезуит колледжіне (қазір әскери академия) оқуға жіберіледі. Бұл оқу орнында Декарт сегіз жыл болды, логиканы, философия мен математиканы оқыды. Бірақ Декарт сәл әлжуаз бала-тұғын, сол себепті еркелеп, төсекте ұзағырақ жатып алушы еді. Осындай сәттерде ол өрмекшінің өрмекті қалай тоқитынын бақылап, ақыры осы зерттеулерінің негізінде өзінің әйгілі координаталардың геометриялық принциптерін жасап шықты [4, 79 б.]. Егер адамның бала кезіндегі іс-әрекеттері оның есейгендегі мамандығын таңдауына не болмаса жаңалық ашуына ықпал еткен болса, онда ол өмірбаянда міндетті түрде жазылады. Сол себептен философия пәнін игеру барысындағы философтардың философиялық проблемаларын қарастырмас бұрын оның міндетті түрде өмірбаянын ыждаһаттылықпен оқып шығу қажеттілігі орын алады. Өмірбаяндағы осындай қарапайым оқиғалар студенттердің есінде жақсы сақталады.

Сонымен қатар, философияда «философияның мәңгілік сұрақтары» деген ұғым бар. Ол сұрақтарға әр кезеңде әртүрлі ой биігіндегі адамдар жауап беруге тырысады. Ол сұрақтардың нақты жауабы жоқ, оның болуы да мүмкін емес. Мәңгілік сұрақтарға берілген жауаптардың әр қилылығы мен әр мазмұндылығы сол дәуірдің философиялық болмысын, рухани бет-бейнесінен хабар береді. Сондықтан мәңгілік сұрақтар жауабы әрдайым ашық, әрдайым жауап күтіп тұрады. Адам өмірінің мәні де осы сұрақтар жауабына саяды.

Адам не үшін дүниеге келеді? Адам өмірінің мәні бар ма? Бар болса неде? Жоқ болса неге? Өмір не? Өлім не? Осы тектес экзистенциялық сауалдар талай ғасырлар

бойы адам қоғамының қарапайым адамынан бастап, ғұлама ойшылдарына дейін мазалап келе жатыр, олардың «мәңгілік» сұрақтар аталуы да сондықтан [5, 196 б.].

Философия тарихында «философиялық автобиография» деген ұғым бар. Ол - очерктер, қолжазбалар, күнделік түрінде жазылған философиялық өмірбаяндар. Мұндай стиль арқылы оны жазған адамның ішкі жан дүниесіне үңілуге, рухани болмысын пайымдауға, өзін-өзі тануға деген ұмтылысын аңғаруға болады. Философиядан аса хабары жоқ адам үшін философиялық өмірбаян қызықсыз, сәйкесінше түсініксіз болуы мүмкін.

Философиялық өмірбаянның қалыптасуы өмірдің жаңа әлеуметтік, мәдени, экономикалық және саяси деңгейін анықтайтын ойлау тәсілі ретінде жаңа дәуірде, нақтырақ айтсақ, реформация кезеңінде, одан да нақтырақ айтсақ, буржуазиялық жүйеге көшу жүзеге асырылған кезде пайда болды. Алғашқы философиялық автобиография М. Монтеньге тиесілі. Ол алғаш рет танымдық процестің тақырыбы ретінде адам тұлғасы проблемасын көтеріп, шындықты философиялық тұрғысынан түсінуге бетбұрыс жасады.

Өмірбаяндық шығармашылықтың зерттелетін формаларын «философиялық автобиография» феноменіне жатқызу критерийі:

- өзін-өзі толық тану және ар-ожданлық үлгіде өзге адамдар алдында өзін-өзі ақтау;
- өзін қоршаған оқиғаларды дүниетанымдық тұрғыдан тану.
- әр үлгіде шығармашылықтың кез келген элементі (тәжірибе, рефлексия, үндеу, нұсқаулық және т.б.) басым, мағыналы болады [6]. Философия пәні - барлық мамандықтар үшін оқытылатын міндетті пәндердің бірі. Бұл өте дұрыс, әрі құптарлық шешім. Кәсіби тұрғыдағы «философиялық автобиографияны» болашақ философ-оқытушы студенттерге ұсынуға болады. Ал төмендегі тапсырманы кез келген мамандықта оқитын студентке ұсынуға тұрарлық. Онда бұрын-соңды студент аса ойланбаған

қарапайым, бірақ жауабы оңай табылмайтын 4 сұрақ берілген. Бұл жеке жұмыс, сондықтан әр студент өз деңгейін, осы кезге дейінгі алған білімін саралап жазу үшін үй тапсырмасы ретінде беруге болады. Екінші нұсқасы «пре-пост жазба» әдісін қоса пайдалана отырып студенттерге 1 аптада тапсырманы беріп студент жазбаларын жинап алып сақтап қою, сосын 14-15 аптада дәл осы сұрақтарды студенттерге қайта беріп екінші жазба мен алдыңғы жазба екеуін салыстыруға болады. Өз тәжірибемде бірқатар студенттерде өсу процесі байқалады. Прежазбада мен бұл сұраққа ешқашан ойланып көрген емеспін деп жай тұрмыспен шектелген студенттер постжазбада философтардың афоризмдерін, шығармаларын аргумент етіп белгілі бір философиялық ойын түйіндей алатындай дәрежеге жеткен.

**Формасы:** 250 сөзден кем емес эссе сарындас шығармашылық жеке жұмыс. Пре-пост жазба.

**Сипаттамасы:** «Философиялық автобиография» - жазудың ең күрделі формаларының бірі. Дегенмен, студенттерді өзгеше ойлап, өзгеше жазуға жетелейтін философияның мәңгілік сұрақтарын әркім өзінің ішкі сүзгісі арқылы өткізуі керек.

**Тапсырма 1:** «Менің философиям» философиялық автобиография жазу үшін:

1. Әлемнің мәні неде?
2. Өміріңнің мәні неде?
3. Сен үшін өмір құндылығы деген не және ол неден тұрады?
4. Болашақта адамзатты не күтіп тұр? деген 4 сұраққа жеке-жеке жауап жазу қажет. Басты шарт сұрақтан ауытқымау, реттілігін сақтау және өз көзқарасына ғана жүгіну.

**Күтілетін нәтиже:** студенттерді өзгеше ойлауға, масштабты ойлантуға икемдеу арқылы топтың деңгейін байқау. Пре-пост жазба арқылы өзін-өзі тексеруге мүмкіндік беру.

**Формасы:** жеке жұмыс. Философ автобиографиясы.

**Тапсырма 2:** жоғарыда айтылғандай адам тағдырының кәсібіне тигізген ықпалын анықтау. Ол үшін тапсырма орындаушы

жұп екіден кем емес кез келген дәуірде өмір сүрген, өздеріне ұнайтын философ-ойшылды таңдап алып, оның автобиографиясы мен шығармашылық жетістіктерін зерделеп, арасындағы байланысты анықтайды.

Философ автобиографиясы тапсырмасының критерийлері:

1. Сіз не үшін бұл философ-ойшылды таңдадыңыз?
2. Таңдалған тұлға өмірбаянының айшықты үш тұсын айқындап көрсетіңіз!
3. Таңдалған тұлғаның өмірбаяны қаншалықты оның жемісті шығармашылығына ықпал еткенін анықтаңыз! Нақты аргумент келтіріңіз!
4. Таңдалған тұлға шығармашылығының ең биік нүктесін анықтаңыз!
5. Таңдалған тұлғаның философия тарихына қосқан үлесін қысқаша баяндаңыз.

Өзін-өзі көрсету немесе өз-өзіңді алға жетелеу қайрымдылық пен көмектің ең үлкені, егер бұл іс шынайы жасалса, онда оның нәтижесінің жемісті болары анық. Себебі адам өз ойлары мен әрекеттері туралы ойланған кезде, адам тұлға ретінде біртіндеп өсе бастайды. Адам өз әрекеттері туралы ойлана отырып, өз кемшіліктері мен қателіктерін өзі анықтай алады және кемшіліктерді тапқан кезде кінәні өзгеден емес өзіңнен іздеу процесі жүреді. Өзің тапқан өз кемшіліктеріңді қабылдау және оларды ретке келтіру немесе жою үшін нақты шешімге келуге үлкен ерік-жігер мен батылдық қажет. Сондықтанда ғасырлар бойы адамның ішкі ойына түрткі болып келе жатқан философияның мәңгілік сұрақтары студенттің өз бетінше жұмыс істеуі және үнемі өзіне сындарлы сыншы болуына ықпал етеді.

Келесі сабақ нұсқасы «Даналыққа құштарлық: ізгілік ізімен» деген атауға ие. Адамзат ерте кезден бастап-ақ жай сөздерден құны бар асыл сөздерді ажырата білген, мұндай сөздердің авторларын «ғұлама», «данышпан» атап, қанатты сөздерді тұрмыста кәдеге жаратуға тырысқан. Сөз салмағын саралай алатын данышпандардың аты тарихта қалып, олардың нақыл сөздері қараға да, патшаға да өсиет ретінде қызмет еткен.

Кез келген ұлттың өзіндік бітім-болмысына орай, төл данышпандары және олар айтқан нақыл сөздері, жинақтары бар. Тарихи кезеңдерге сүйенер болсақ, алғашқы ғылым болып негізі қаланған «философия» да «даналықты сүю», «даналыққа құштарлық» сөзінің мағынасын береді. Бұл екі сөздегі маңыздысы – «құштарлық», яғни процесс, аяғы жоқ тоқтаусыз мәңгілік процесс, демек адамның жаратылыстық қасиеті. Студенттерге арналған оқулықтарда философия сөзі грек тілінен аударғанда - даналыққа деген махаббат мағынасын білдіреді [7, 24 б.] делінген. «Махаббат» сөзі бұл жерде ұғым ретінде емес етістік, іс-әрекет, яғни құштарлықтың баламасы ретінде анықталып тұр. Ал дана сөздерді тек данышпандар ғана айтады, олай болса дана сөздер тек жақсылыққа негізделген игі ойлар болуға тиіс. Екшеленген ерекше мағыналы, мәнді және маңызды сөздер ғана еш ұмытылмастан, өз құнын жоймастан ұзақ өмір сүре алады. Анығырақ айтқанда, ғылым тек даналыққа негізделген, адамзатты жақсылыққа жетелер таза, саф болуы тиіс. Дана ойлар әлемі өзіндік бір құпияға, сырға толы, сондықтан да оны үнемі жадыда жаңғыртып, жылдар өткен сайын тереңдей берер мағынасын жаңа заманмен ұштастыра зерделеген абзал.

Ежелгі қытай философиясы даналарының бірі Мо-цзы ұстазайтты: «Қазіргі үлкен адамдар – вандар, гундер халықты билеп отыр, олар жердің қожайындары, елді басқарушылар. Егер де олар [елді] ұзақ сақтағысы келсе және [билікті] жоғалтқысы келмесе, онда неге даналықты қадірлеуді мемлекетті басқарудың негізі ретінде қолданбайды? Даналықты қадірлеу мемлекетті басқарудың негізі екені қайдан белгілі? Жауап беремін: егер игі және даналар ақымақтар мен төмендерді басқарса, онда тәртіп патшалық етеді. Ал ақымақтар мен төмендер игі және даналарды басқаратын болса, онда бүлік болады» [8, 53-54 б.].

«Философия» сөзі де, философияның өзі де ежелгі гректердің, яғни эллиндіктердің арқасында әлемге танымал екені мәлім. «Жеті данышпан» атымен тарихта қалған сол ойшылдар арасында тамаша бір аңыз бар.

Аңыз төркіні Дельф қаласындағы Аполлон құдайының храмында кездесіп, бір-бірімен танысып, даналық ойларымен алмасу үшін жиналған ең ақылды жеті эллиндіктер туралы. Тарихта «жеті данышпан» деп көбіне Фалес, Солон, Биант, Питтак, Клеобул, Хилон, Периандр есімдерін атайды, кейбір мәліметтер бойынша олар жиырмадай адам болған. Сол кезеңде өзі қысқа, сөзі аз, бірақ мағынасы терең нақыл сөздің формасын – «гном» деп атаған. Аталған ерте гректік данышпандар бас қосып, қарапайым тұрмыс, күнделікті күйбің тіршілік туралы қысқа сентенция және афоризмдер берген [9, 199 б.]. Гном - үлкен мағынаның тоғытылған қысқаша анықтамасы, таралымы кең мақал-мәтелдер стиліне жатқызуға болады. Мысалы, қазақтың көптеген мақал-мәтелдері Орта Азия халықтарының көпшілігін де мүлдем өзгертілмеген немесе азғана өзгертілген нұсқалармен жиі кездеседі. Қазақ тіліндегі астарлы мағыналы мақал-мәтелдердің молдығы сол тілде сөйлеуші ұлттың танымдық деңгейінің тереңдігін көрсетеді. Яғни, мақал-мәтелдер халық танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты болып, ұлттық менталитетті танытатын тілдік көрсеткіші болып табылады [10, 25 б.]. Антика дәуірінің қанық бояуларының бірін афоризм құрайтынын, сол себептен де олардың көптігін назарға ала отырып, Солонның «ештеңе артық», «құпияны анықтық арқылы шеш», Фалестің «сыртыңнан сұлу болма, ісіңмен әдемі бол», Бианттың «күшпен емес сеніммен ал», Питтактың «жақыныңдағы сен ұнатпайтын істі, өзің де істеме», Клеобулдың «көп сөйлеуші емес, көп тыңдаушы бол» [9, 199 б.] деген сөздері іріктелінген екенін негізге алу керек. Себебі онда таңдалынған грек гномы түркілердің «Күлтегіні» секілді мәңгілікке тасқа қашалып жазылып, болашаққа тасталған үндеу секілді жаңғырып отырмақ. Осы оқиғаның аяғы, антикалық дананың біріне арналған және дельфилік храм Аполлонда жазылған соңғы сентенцияны еске түсірейік: «Өзіңді өзің таны». Гректер үшін маңызды болған бұл ұран Сократтың ойын оятып қана қоймай грек философиясының соңғы

неоплатониктерге дейінгі базалық қағидасы рөлін атқарды [11, 26 б.]. Дельфилік сәуегей «әлемде Сократтан асқан ақылды адам жоқ» деп жариялады [12, 199 б.].

Аталынған гномдар бір қарағанда аса құндылығы бар мағыналы сөздерге ұқсамайды, жәй күнделікті айтылып жүрген сөздермен тең. Мәселен, Солонның «құпияны анықтық арқылы шеш» гномына талдама жасалық: «құпия» және «анық» сөздерін белгілі бір мағынада антонимдер деп қабылдауға болады. Демек, ақ түссіз қара түсті анықтай алмайтындығымыз сияқты анық мәліметтерсіз құпияны ашу да мүмкін емес. Егер құпияны өз бетінше жорамалдамай немесе болған жағдайға және сол жағдайға қатысты адамдардың мінез-құлқы, келбеті, жүріс-тұрысы, тіпті тұрмыс жағдайына орайластыра мәселені мүлдем шиеленістіріп жібермей, нағыз ақиқат фактілерге сүйене отырып логикалық жүйемен шешуге тырыссақ, құпияның негізін ашуға әбден болады. Егер аталған теріс әрі оңай жолдардың бірімен ашуға тырыссақ, ол белгілі тұлғаның намысына тиюі мүмкін, кейде тіпті іс насырға шауып, мәселе өте күрделеніп, жағдайды асқындырып алу да ғажап емес. Осындай мүмкіндіктер арқасында түймедей мәселе түйедейге айналып, қоғамдағы түрлі деңгейлі іріткілер мен келіспеушілікті туғызады. Мұндай мәселелер адамға, қоғамға, мемлекетке, ұлтаралық достыққа, тілге, дінге, тәрбиеге, белгілі бір топқа және т.б. арналуы мүмкіндігін ескерген жөн. Қорыта келе, құпияның өзі бүркелген анық жағдайлардан тұрады, адамның мақсаты сол бүркемелерді ашып, құпияны дәл мағынасында шешу.

Келесі Бианттың «күшпен емес, сеніммен ал» гномы сенімнің күштен жоғары екенін дәлелдейді. Бианттың бұл гномы қазақтың «білекті бірді, білімді мыңды жығар» мақалымен мағыналас. Күш – белгілі уақыттың ғана төрешісі, ол мәңгілік емес, сондықтан да «күшпен алу» тұрақтылықтың айғағы бола алмайды. Күш одан да күштірек табылса, өзінің құндылығын жоғалтады, әдепкі орнын берік сақтай алмайды, сонымен қатар «күш көрсету» көбіне әділетсіздікті

орнатады. Күш пен ақыл әрдайым бірге болып, үйлесе бермейді. Күштің мақсаты жеңу, ал жеңіске жету – жеңілістің нәтижесі. Бұл турасында Хазірет Әлидің (р.а.) «ашуланбайтын күшті, әлсіздігін білдірмейтін кішіпейіл бол» [13] даналығымен қорытуға болады. Сенім – тұрақтылықтың, беріктіктің, имандылықтың, сүйіспеншіліктің, ақылдың, қайырымдылықтың феномені. Біреуге «сенім арту» арқылы ол адамның жауапкершілігін, ұқыптылығын, адалдығын арттыруға болады. Демек, «сенім» адамдар арасындағы достық, махаббат сынды асыл қасиеттерді орната алады, қоғамда мәдени контекст ретінде қызмет атқарады және халықтық құндылықтарды трансформациялау үрдісінде ұрпақтар арасын сабақтастыра алады.

Ерте грек мәдениетінің, мифологиясының ықпалы бүкіл батыс Еуропаның құрылымына негізделді. Көне грек мифологиясындағы теизм адам баласының еркіндігі мен бостандығына кедергі келтірді. Сондықтан да грек ойшылдары, әсіресе, грек классиктері шығыстық ілімді үйреніп, оны өз құдайларына қарсы күресте қолданды. Кейіннен бұл жүйе христиандық философияға да өзінің үлкен ықпалын тигізді, жаңа философияның өмірге келуіне түрткі болды. Батыстың ақыл мен иманды, дін мен ғылымды бір-біріне қайшы қоюы үлкен қателік болды. Шығыстық ілімді меңгергендер мұны жақсы түсінді және оны өз іштерінде қорытуға тырысты. Адамдардың толыққанды санасы мен өмірге деген реалды көзқарасы, адамдық қасиеттерді жоғары қоюы мен ұлтжандылығы, ең бастысы имандылығы мен өз мәдениетіне деген құрметі барлығын да қалыпқа келтіреді. Біз – дала перзенттеріміз. Дала перзенттерінің мынандай бір дана ережесі бар: «құрбақалар арасында өзін де құрбақаға айналасың» немесе «өзгеге ерсең өзінді жоғалтасың» [14, 79-80 б.]. Қыпшақтар – кең дала секілді дархан, ақылды, өнершіл, қайырымды, ақ көңіл халық, яғни тарихта аталған «жабайылықтың» керісінше нұсқасы.

Батысқа үлгі, таусылмас қазына, білім мен ғылымның кені бола білген шығыстық философия мұндай маңыздылыққа ислам дінінің, жүрекке ұялаған имандылықтың,

ар тазалығының арқасында жетті десек қателеспейміз. Ислам дініндегі ең маңызды феномен дін мен ғылымның аса үйлесімді бірлікте болуында болып отыр. Қосымша дәлел ретінде мұсылмандар арасында кең таралған Мұхамедтің «бесіктен бейітке дейін білім іздеңдер» деген өсиетімен «тал бесіктен жер бесікке дейін білім ізде» деген

осы өсиет үндес парсы мақалы. Кез келген дін адамдардың адаспауына, бір-біріне қамқорлық жасауына тікелей ықпал етеді. Демек, ғылым да дін тәрізді даналыққа негізделген таза болуы шарт. Дегенмен Синдей Ж. Харрис айтқандай «адамдардың қолмен жасаған кейбір алдамшы ақшалары сияқты, ақшалардың да жасаған алдамшы

### Кесте 1. Фазалық сауалнама.

ОЙЛАНУ ФАЗАСЫ													
1 Не үшін білім алуға келдің?		2 Өмірлік ұстазың кім және оны қалай таңдадың?		3 Қандай әрекет оқудан жалықтырып тіпті безіндіріп жіберуі мүмкін?		4 Осы кезге дейін алған біліміңді пайдаландың ба, қайда, қашан, қалай?		5 Қандай әрекет оқуға ынтықтырып тіпті ғашық етуі мүмкін?		6 Билікке ие болу үшін ғылымды үйренуге бола ма?			
ӘР СҰРАҚҚА ЖЕКЕ-ЖЕКЕ ЖАУАПТАР													
1+4+6 жауаптарын топтастырыңыз						2+3+5 жауаптарын топтастырыңыз							
<b>СЫРТҚЫ ЖАРНАМА:</b>													
«Кім нені іздейді, соны табады!» 1-2 минут ойланыңыз!													
ӘРЕКЕТ ФАЗАСЫ													
7 Түсінбе геніңді түсіну үшін не істеу керек!		8 Түсінгеніңді қалай білесің?		9 Қате түсінгеніңді түсінсең не істейсің?		10 Қате түсінігіңді жөндеу үшін не істейсің?		11 Дұрыс түсінгеніңді қалай тексересің?		12 Дұрыс түсінігіңді өзгертесің ба?		13 Өзгертуіңе не себеп?	
ӘРЕКЕТ ФАЗАСЫНЫҢ БАРЛЫҚ СҰРАҚТАРЫНА РЕТТІЛІГІ БОЙЫНША ЖАУАП БЕРУ ҚАЖЕТ													
КЕРІ ӘРЕКЕТ ФАЗАСЫ													
13 Не өзгерттің?		12 Дұрыс түсінгеніңе сенімдісің бе?		11 Дұрыс түсінік ол қандай түсінік?		10 Дұрыс пен қатенің айырмасы қандай?		9 Қате түсінік ол қандай түсінік?		8 Түсінгенімді түсіндім!		7 Түсінбе генімді түсіндім!	
КЕРІ ӘРЕКЕТ ФАЗАСЫНЫҢ БАРЛЫҚ СҰРАҚТАРЫНА РЕТТІЛІГІ БОЙЫНША ЖАУАП БЕРУ ҚАЖЕТ													
<b>СЫРТҚЫ ЖАРНАМА:</b>													
«Кім қай есікті ашу үшін қағады, ол сол есікті ашады және ішіне кіре алады!» 1-2 минут ойланыңыз!													
ДАНАЛЫҚ ФАЗАСЫ													
Жақсылық жасаушылардың қатарынансың ба?		Жақсылық сияқты көрінетін жамандық болады ма?		Жақсылық даналықтың синонимі ме?		Өзіңді данышпанмын деп есептейсің бе?		Жақсылықты барлық адам жасай ала ма?		Барлық жақсылық даналық па?		Жақсылық жасаушылар данышпан ба?	
Иә	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ
«Иә» саны:													
«Жоқ» саны:													
<b>СЫРТҚЫ ЖАРНАМА:</b>													
«Не ексең, соны орасың!» 1-2 минут ойланыңыз!													
Барлық фазалардағы жауаптарыңызды қорытындылап 150 сөзден артық емес анализ жасаңыз және жасаған әрекеттеріңізге сыртқы жарнама стилі сынды екіден кем емес не өзіңіздің ойыңыздан, яки өзге біреулер афоризім жазыңыз!													



адамдары болады» [13]. Адамдардың мұндай адамилыққа жат, теріс қасиеттері қай заманда болмасын ұлы жүректілердің, данышпан, ғұламалардың қатаң сынына ұшырап отырған. Немістің ерекше ойлы философы Ф. Ницшенің «адам жасаған іс-әрекетін құнды етеді; бірақ жасалған іс-әрекет қалайша адамды құнды ете алады?» [15, 394 б.] - деген даналығы тарқатылған ойдың жауабы іспеттес.

**Формасы:** топтық жұмыс. Азғантай топ болса ауызша, үлкен топ болса жазбаша орындауға болады.

**Тапсырма:** төмендегі 1-ші кесте, бір формула іспеттес, сондықтан оны өз тәртібімен бұлжытпай орындау қажет. Әр сұрақ нөмірленген және ол сұрақтың шекесінде көрсетілген. Алдымен әр сұраққа жеке жауап беріп, сосын көрсетілген нөмірдегі жауаптарды қосу керек. Қосындысына редакторлық өңдеу жұмысын жүргізіп, яғни біріктіріп, бір қалыпқа келтіру қажеттілігі бар. Кино арасындағы жарнамаға үзілген секілді сыртқы жарнамадағы даналық сөздерді оқып, бір-екі минуттай ойлануға болады. Ары қарай әрекет фазасына өтіп ондағы сұрақтарға нақты жауап беру қажет. Жеңілірек болу үшін бір тұжырымды барлық сұрақтар бойынша аяғына дейін алып шығу керек. Әр сұраққа әр түрлі тұжырым қолдансаңыз, аяғына дейін өту қиындық туғызады. Кері әрекет фазасы арқылы әрекеттіңізді кері қарай өтіп бекітіңіз. Ары қарай даналық фазасында «иә» немесе «жоқ» жауабын таңдап, тапсырманы қорытындылаңыз.

Тапсырманы берілген ережесін бұзбай орындаған студент өз-өзімен тілдесе, өз ойларымен арпалыса келе «даналық» ұғымының мағынасын түсінуге тырысады. Философия пәнінің игерудегі «даналыққа құштар болу», «ізгілікті сүйю», «ізгілік ізімен жүру», адалдық анты» сынды негізгі принциптерді түсінеді. Олай болса қиялымызға ерік беріп философияны зәулім «ізгілік үйі» деп елестетсек, онда оның міндетті түрде вестибюлі, яғни кіріп келгенде адамның рухын көтеретін, таңдай қақтыратын әсем безендендірілген салтанатты кіре

берісі болады. Вестибюльде философияның мыңдаған қырлыры іспеті самсаған бөлме есіктері, жоғарғы қабаттарға көтерілетін баспалдақтары тұрады. Вестибюльдегі ерсілік-қарсылы жүріп жүрген, басқышпен, лифтпен жоғары көтеріліп не түсіп келе жатқан әртүрі адамдарда философияның әртүрлі проблемаларымен айналысып жүрген, жетістіктерге жеткен немесе керісінше жете алмаған философтар секілді. Олай болса студенттер шығармашылығына шек қоймай алған білімдері мен түсінік-пайымдарына сәйкес философияның ізгілік үйін құрастыру тапсырмасын беруге болады.

Қиялға ерік беру үшін тереңірек түсінік беруге болады. «Vestibule» француз сөзі, «алдыңғы» деген мағынаға ие, «Vestibulum» латын сөзі, «үйдің алдындағы алаңқай» [16] деп аударылады. Екі сөз де бір мағынаға саяды дегенмен де ресми анықтамаларда бірқатар әр саладағы аударма нұсқалары берілген. Студенттер төмендегі аударма нұсқаларының кез келгенін тапсырма орындау барысында пайдалануға толық мүмкіндік бар.

- a. дәліз, зал немесе сыртқы есік пен ғимараттың ішкі кеңістігі арасындағы бөлме;
- b. жолаушылар вагонының соңында жабық кіреберісі;
- c. дененің әртүрлі қуыстары, мысалы, ішкі құлақтың сүйек лабиринтінің орталық қуысы немесе оның құрамындағы мембраналы лабиринттік бөлік, атап айтқанда, дорба мен жатыр;
- d. сол жақ қарыншаның күретамыры (аорта) саңылауының төменгі бөлігі;
- e. тістер мен қызыл иектен тыс ауыз қуысының бөлігі;
- f. қол жетімді курс [17].

Аударма мағыналары әр саланы қамтиды, әсіресе соңғы нұсқа ерекше мағынаға ие. Вестибюльде оқыту - бұл тыңдаушыларға жұмыстың имитациясын жасайтын өндірістен қол үзбей оқыту әдісі. Бұл корпоративтік жүйелер мен клиенттерге қызмет көрсетуді тікелей өзара әрекеттесусіз жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Вестибюльде оқу дегеніміз — бұл негізгі аймақтан тыс жерде тұру немесе кейбір жағдайларда тиісті дағдылар пайда

болғанға дейін жұмыс перифериясында жұмыс істеу. Вестибулярлық жаттығу - бұл 1800 жылдары пайда болған ескі жаттығу әдісі. Ол адамдарға есте сақтауды жатқа білу үшін және жұмысшылардың клиенттердің немесе компьютерлік терминалдардың алдына қоймас бұрын модельденген ландшафттағы мәселелерді шеше алатындығына көз жеткізу үшін жұмыс ортасының факсимильді бейнесін ұсынады. Оқытудың бұл әдісі білікті сауда мен жұмыс орындарындағы шәкірттердің білімі мен лауазымдарын алмастырады. Бұл жұмыс ортасындағы жұмыс сапасының қолайлы болуын қамтамасыз етеді. Фойеде оқыту бүгінде мамандандырылған машиналар мен практикалық сабақтарды қолдануды қажет ететін салаларда кең таралған. Бұл нарықтарға өндіріс, құрылыс, инжиниринг және әскери келісімшарттар кіреді. Тиісті шараларды сақтамау жарақат алуға немесе өлімге әкелетін нақты жағдайға келтірмес бұрын, осы салалардағы қызметкерлердің осы салалардағы құзыреттілігін дәлелдеуі өте маңызды [18].

«Вестибуль жаттығуының» өзге де түрлі әдістер сынды көптеген артықшылықтары мен кемшіліктері болған. Артықшылығы - оқу орны вестибульді тура өндірістегідей жабдықтайды, арнайы нұсқаушы мамандар мен шеберлерді шақыртады, кәсіби атмосфера білім алушылардың тез қабылдауына және өз қолдарымен жасау арқылы ықпалды сіңіруіне көмектесті. Студенттер лезде кері байланысқа түсіп мамандар мен оқытушыларға сұрақтар қойып, сол жерде проблемаларды талқылай алды. Кемшілігі - оқыту әдісінің қымбатқа түсуі, әрі көп уақыт алуы болды. Бүгінгі күні бұл әдістің өзгеше түрі «дуалды оқыту» дамытылуда. Онда студенттер өндіріс орнына барып оқиды, тәжірибе жинақтайды, тіпті мотивациялық тұрғыда жалақы да алады.

**Формасы:** жеке жұмыс. Философияның тарихи кезеңдерін не болмаса ағымдар, мектептер, тұлғалар т.б. негіздеуге болады. Ізгілік үйінің вестибульді сурет салу, макет жасау, цифрлық платформаларды, виртуалды қабырғаларды т.б. пайдалана отырып жасауға болады. Бастысы - логикаға сай сипаттамасы болуы шарт.

**Тапсырма:** Философияның ізгілік үйін салу. Вестибуль арқылы философия кезеңдерін, бөлідерін, зерттеу бағыттарын, тұлғалар, ағымдар, мектептер т.б. арқылы рәсімдеу.

**Күтілетін нәтиже:** студенттердің қиялына ерік беру арқылы философияның жалпы болмысын ұғындыру, логикасын дамыту, пән күрделілігін сезінуге ықпал ету.

Философиялық ой толғамы орамды студент болу үшін кітап оқу машығын қалыптастыру маңызды. Әдеби кітап көп оқыған адамның тұрмыстағы сөйлеген сөзі әдемі, тігісі жатық, естір құлаққа жағымды, түсінікті болып келеді. «Кітап адамды тәрбиелейді» деген қағиданың дұрыс екенін мың рет дәлелдеуге болады. Әрбір жазушы өзінің төл туындысына жүрегін, жанын береді, егер жазушы, жазған дүниесіне өзі ғашық болмаса, онда ол туынды өзгелерді де ғашық еткізе алмайды. Қызықты жазылған кітаптан бас алу қиын, ол басынан аяғына дейін оқырманды жетектеп отырады. Кітап оқып отырғанда ми оны дереу суреттеуге кіріседі. Бір кітапты он адам оқып отырса, онының басындағы картинаның он түрлі болатыны анық. Бұл мидың қиялға жүгініп, көмек сұраған сәті. Қиял тез арада өз көмегін көрсетіп, оқылып жатқан кітаптың сюжетін фильм іспетті бейнелеп береді. Бұл бір ғажап дүние.

«Әдебиет» сөзінің түбірі «әдеп», яғни қазақ тіліндегі тәртіп, дұрыс әрекет, ибалық, сыпайылық, білімділік сынды сан түрлі мағыналарды бойына тоғыстырады. Бұл сөздің шығу төркіні араб тіліне барып тіреледі. «Әдиб» сөзі араб тілінен аударғанда «тәрбиелі, оқымысты, жазушы, әдебиетші» деген мағынаны береді екен. Мысалы, Ахмет Иүгінеки «әдиб» атты қосымша жалғаумен бірге жүреді. Бұл жердегі «әдип» - оның атақ-дәрежесі, статусы. Шарифат қағидаларын жан-жақты зерттеп-тануына және терең іліміне сай осы “Әдиб Ахмед” деген құрметті атақ ие болған. Жалпы «әдиб» деген сөз әдепті деген мағынаны білдіреді. Ахмет Ислам дінін жай ғана меңгеріп қоймай, оның көркемдігін өзінің іс-әрекеттерімен көрсете білген [19, 68 б.]. «Араб-татар-орыс» сөздігінде адаб (Әд) «тәрбие, жақсы мінез» деп аударылады [20,

728 б.]. Мысалы, дәстүрлі түрде ислам дінін ұстанатын Еділ-Орал аймағының татарлары мен башқұрттары арасында «әдәбсез» ұғымы кең таралған. Өздерін шулы ұстаған, гигиена нормаларын сақтамаған, ересектерге бағынбаған ұлдар мен қыздар осылай аталады. Бұл ұғым «әдәб», яғни адаб, бұл жағдайда – балалардың мінез-құлық ережелері. Егер олар нормаларды бұзса, онда олар оқыту мен тәрбиелеу процесінен өтуі керек еді, өйткені оларда адаб болмаған [21, 54 б.] .

Соған орай жаздым кітап, ақыма:

Қаласаң – ал, қаламасаң – оқыма!

Әдиб сөзін кім түсініп, қаласа,

Ел ішінде сыйлы болар сол аса!» [19, 98 б.] .

Жоғарыдағы келтірілген мәліметтерді негізге ала отырып әдебиет сөзі, мектептегі оқытылатын әдебиет пәнінің түп төркіні, оның мағынасын тек толықтырып тұр. Әдебиет оқыған адам өзін-өзі тәрбиелейді, жақсы, көркем мінезге ие болады. Әдебиет сөз өнерін зерттейтін ғылым. Әр тілдің сол тілді дәріптейтін сол тілдің шұрайын, ерекшелігін көрсететін ол – «әдебиет». Әдебиет – ол кітап. Кітаптың тұтынушысы – оқырман. Қандай кітап оқырман көңілінен шығып көп сатылымға, сәйкесінше қыруар қаржы тапса, онда оны – «бестселлер» деп атайды. Қарапайым ғана ағылшынның «күшті» және «сату» деген сөздердің қосындысы. Тіпті Кембридж сөздігінде де қарапайым ғана «Бестселлер - өте танымал және аса көп мөлшерде сатылатын өнім» [22] деп жазылып тұр. Қазіргі ғаламтор дамыған заманда ешкім кітап оқымайды, интернет кітапты басып озады деген қауесеттің жалған екендігін 1994 жылы Джефф Безос негізін қалаған «Amazon» [23] интернет кітап дүкені дәлелдей алады. 30 жасында Уолл-стритте кітап саудасы үшін жалақысы өте жақсы жұмысын тастаған Джефф Безос қазір планетадағы ең бай адамдардың бірі, медиа-магнат. Безос мектепті өте жақсы оқыған, бітіргеннен кейін Принстонға оқуға түскен. Бастапқыда физика, артынша информатика мен инженерияға қызығушылық танытқан. Принстонды бітіргеннен кейін Уолл-Стритте жұмыс істеп жүріп болашақ әйелі, Принстонның түлегі Маккензимен кездесті.

Ол әдебиетті сүйіп оқиды екен, ең сүйікті кітаптарының бірі - Кадзуо Исигуроның «Қалған күн» деген кітабы. Кейін Безос оны барлық Amazon топ-менеджерлеріне оқуға ұсынған. 2010 жылы Принстон студенттерімен сөйлескен кезде Безос өзінің бастығына кітап дүкенін құрғысы келетіндігін айтқан сәтімен бөліскен. Бастығы Безосты орталық саябақта серуендеуге шақырды, идеясын мұқият тыңдап «бұл идея, әрине, керемет, бірақ егер ол сен сияқты жақсы жұмысы жоқ адамға тиесілі болса, одан да жақсы болар еді» деген. Безос бұл логикамен келісе алмай, ойлануға 48 сағат беруді өтінген. Сол кездесуде Безос, егер кітап дүкенінен ештеңе шықпаса, өкінбейтінін, бірақ ол мүлдем тырыспаса, ешқашан өзін кешірмейтінін айтқан.

Безос бірінші болып кітап сату үшін мәліметтер жиынтығын қолдана бастады. Бұған дейін кітап дүкендері мен баспагерлер өз клиенттері туралы ешқандай ақпарат сақтамаған және қай кітаптар танымал болатындығы туралы түйсігін басшылыққа алған. Безостың амбициясы кітап саудасынан әлдеқайда алыс болды. Бұл тек атаулар мен мәліметтерді алудың тәсілі, клиенттерді тарту арнасы болды. Көп ұзамай Amazon кітап дүкенінен «бәрінің дүкені» болды. Amazonның тағы бір артықшылығы ол кітаптарды өз бәсекелестерінен арзанға сатты. Бүгінде Amazonның капиталы 1 трлн \$ құрайды [24]. Сонымен кітап оқу адам үшін, әсіресе, енді қалыптасып келе жатқан жастар үшін тек рухани тұрғыдан пайдалы ғана емес, мұнай, газ, алтын сынды еңбек нарығындағы мықты тетіктермен қатар тұрған бизнес көзі.

**Формасы:** жеке жұмыс.

**Тапсырма:** әрбір студент өзі осы кезге дейін оқыған немесе оқып жатқан, тіпті болмаса, жаңадан оқып аяқтаған соң кітабымен бөліседі. Яғни, аудиторияға 5-10 минут ішінде оның желісін баяндап береді. Көбіне оқырмандар авторға, оның өмірбаянына мән бермейді. Ал тапсырмада автордың өмірбаянын білу міндеттеледі. Ол сол автор туындысын тезірек сіңіруге, автордың өмірі тұрғысынан қарап, талдауға мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасын игеріп жатқан студенттерге философиялық

мағынасы биік кітапты барлық студентке беріп ортақ талқыға салуға болады. Мысалы, Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кеме» повесі.

#### Баяндау критерийлері:

1. Кітаптың атауы, авторы, басылған жылы, баспасы;
2. Автор туралы бірер сөз;
3. Шығармадағы басты кейіпкерлер және олардың сен құрастырған портреті;
4. Басты кейіпкерлердің философиялық түйінді әрекеттері;
5. Бұл шығармадан өзің үшін жасаған философиялық толғам, өзіндік қорытынды қандай?

**Күтілетін нәтиже:** кітаптың кинодан басымдылығы - ондағы режиссер оқырманның өзі. Нақты критерийлер арқылы студенттің не түсінгенін және әдеби мәтінге жасаған философиялық пайымын аңғаруға болады, әрі кітап оқуға итермелейді.

#### 5. Қорытынды

«Философия» пәні өзінің басынан өткен күндерімен, тарихымен терең байланыста. «Философия» пәнінің оқытушысы кез-келген философиялық проблеманы студенттерге түсіндіру үшін философия тарихын шолып,

#### Кесте 2. Бағалау рубрикасы.

Бағалау рубрикалары	А 100-90 %	В 89-75 %	С 74-50%
<b>Материалды беру</b> - Еркін сөйлеуі; - Жест, мимика; - Көзбен жұмыс, - Сөзінің ырғағы мен - шапшаңдығы; - Даусының естілуі; - Өзін-өзі ұстауы; - Сыртқы пішіні - Регламент; - Көлемі	Еркін сөйлеп, аудиторияны өзіне бағындыра алады. Дауысы бәріне естіледі, сөйлеген әрбір сөзі түсінікті. Жистуқляция қалыпты, өз-өзіне сенімді. 10 слайдтан артық емес, регламент 5-7 минут, 3 түстен артық қолданбау. Мәгін 10-20 пайыз. Бейне материалдар қолдану мүмкіндігі, басқа да инновациялық артықшылықтар	С ө й л е у і н д е аздаған іркіліс бар, аудиторияны өзіне қарата алады, дегенмен дауыс ырғағы динамикалық емес. Сыртқы пішіні педагогикалық стильге сай.	Еркін сөйлей алмайды, аудиторияны өзіне қарата алмайды. Даусынан діріл байқалады, өз-өзіне толық сенімді емес. Сыртқы пішіні педагогикалық стильге сай.
<b>Мазмұны</b> - Материалды игеруі; - Материалдың толықтығы; - Өзектілігі; - Салыстырмалы талдай білуі; - Аудитория деңгейін негізге алуы; - Материалдарды қолдана білуі; - Терминология; - Аргументация; - Авторлық библиография; - Құрылымы;	Материалды толық қамтыған, өзі оны игере алып тұр. Материалдың өзектілігіне баса назар аударады, аудиториямен контактке түсе алады. П р е з а н т а ц и я д а ғ ы материалдарды орынды қолданады, қосымша тыс материалдарды да қамти алады. Авторларға тоқтау арқылы оларға қатысты терминдерді, басты идеялар мен маңызды тұстарына нақты тоқтала біледі. Айтылған ойды аргументация арқылы негіздеп, қорытындылай алады. Авторлардың идеяларына салыстырмалы талдай жасай алады, аралық байланыс түзе алады.	Материалды толық қамтыған, бірақ оны игеруде дайындық аздығы байқалады. Материалдың өзектілігі анық байқалады, бірақ аудиториядан гөрі материалға көбірек назар аударады. Қосымша материал тым аз, негізінен презентация бойынша сөйлейді. Авторлар мен олардың идеяларын немесе олар негіздеген терминдер арасындағы логикалық байланысты анықтай алмайды.	Материал толық қ а м т ы л м а ғ а н , сәйкесінше оны игеруде де кемшілік бар. Материалдың өзектілігі ауқымды, сәйкесінше анық емес. Бір ғана автормен шектеледі. А р ғ у м е н т а ц и я н ы орнымен қолдана алмайды. Терминді п а й д а л а н ғ а н м е н оның қандай мағына беретініне көңіл бөлмеген.

<p><b>Ұйымдастырылуы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мақсаты мен міндеті;</li> <li>- Логикалық сабақтастық;</li> <li>- Маңызды тұстарын айшықтау;</li> <li>- Тұжырымдамалар;</li> <li>- Сілтемелер;</li> <li>- Безендірудегі стандарттарды ұстануы;</li> <li>- Қорытынды;</li> <li>- Ресурстар;</li> </ul>	<p>Мақсаты қолжетімді, міндеттері мақсаттан т у ы н д а й д ы . Презентацияның әр бетінде бір-бірімен логикалық байланыс бар. Презентацияның ең маңызды тұсын анық айқындай біледі. Т ұ ж ы р ы м д а м а , қорытынды мен сілтемелері бар. П р е з е н т а ц и я н ы б е з е н д е н д і р у д е стандартты қатаң ұстанған. Ақпараттық ресурстар ресми.</p>	<p>Мақсаты қолжетімді бірақ міндеттерінде мақсаттан ауытқуы бар. Тек қорытынды мен сілтемесі бар. Б е з е н д е н д і р у д е тым көп түстер қолданған, маңызы жоқ суреттерде орын алған. Ақпараттық ресурстары көрсетілген.</p>	<p>Мақсаты тым ауқымды, сәйкесінше міндеттер де орындауға тым қиын. Логикалық сабақтастық үзілген, маңызды тұстарын ауызша жеткізуде қиналады. Б е з е н д е н д і р у д е стандарттан тым алшақ. Ресурстар мен сілтемелер көрсетілмеген.</p>
<p><b>Тіл</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Идеяның айқындығы;</li> <li>- Сөздікпен жұмыс жасауы;</li> <li>- Дикция;</li> <li>- Сөз байлығы;</li> <li>- Сөз саптауы немесе сөйлеудегі сауаттылығы;</li> <li>- Регламент</li> </ul>	<p>Идея айқын, қызық, әрі әрекетті. Тақырыпқа қатысты сөздіктермен жұмыс жасаған, дикциясы орнықты. Сөз байлығы жақсы, сөйлеудегі сауаттылығы қалыпты, жаргон немесе диалект сөздер орын алмаған, іскерлік стильде. Регламентке толық үйлесті. Уақытты презентацияның әр тұсына дұрыс бөле алған және оны сақтай алған.</p>	<p>Идеясы айқын, бірақ тым қарапайым, әрекетті деуге болады. Сөздіктермен жұмыс жасалған, бірақ толық қамтылмаған. Д и к ц и я с ы н д а аздаған ақаулар бар. Әсіресе терминдерді қолдану барысында. Регламентке толық үйлесті, дегенмен п р е з е н т а ц и я н ы маңызды тұстарына уақыт аз бөлген.</p>	<p>Идея көмескілеу, толық пісіп жетілмеген идея екені назарға ілігеді. Сөздікпен жұмыс тым нашар. Сөзінде диалект және ауызекі сөз тым көп кездеседі. Артикуляция ақсап тұр. Регламентке үйлесе алмады, сәйкесінше уақытты бөлуді дұрыс орайластыра алмаған.</p>

онымен айналысқан мектептерді, ағымдарды тұлғаларды, олардың жазған еңбектерімен сол еңбектердің бүтін бір қоғамға, кезеңге тигізген ықпалын, сол ықпал арқылы өзгерген, жаңарған адамзат пен оның іс-әрекеттерін баяндайды. Ұзақ та күрделі шолу барысында небір теориялар мен жаңалықтар, афоризмдер мен терминдер проблема мәнін ашу үшін қызмет етеді. Философияның көптеген бөлімдерінің бірі – «білім философиясы». Жалпы оқыту философиясы оның ішінде мақаланың негізгі зерттеу объектісі болып отырған «философия» пәнін оқыту философиясы тек білім философиясына тиесілі деген сөз емес. Оқыту философиясының ауқымы тым кең, миссиясы терең, бірақ бір-бірімен сабақтас. Соңғы 10-20 жылдық аралығында әлемдегі оқу мен оқыту процесі күрделі өзгерістерге ұшырады, соған сәйкес оқыту философиясы да өз бағытын бұрды. Бұл өзгерістер

«философия» пәнін оқыту процесіне де өзінің ықпалдылығын көрсетті. Студенттің философиялық анализ жасай алу деңгейін тест арқылы бағалау немесе студенттің ойын тест сұрағы арқылы анықтау білімнің сапасын төмендетті. Ұпайлар негізінде баға қою дәстүрге айналғанымен, қатты сынға ұшырады, мұндай бағалау тапсырудың тар жолын жасады, мотивацияны бұзды, уақытты ысырап етті және екі жақты (оқытушы мен студент) стрессті тудырды. Масштабты ой ауқымдылығын математикалық дәлдікке айналдыру пәннің тартымдылығын төмендетті. Осыған орай, логикалық-танымдық ойындар арқылы студенттің пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мен пәнді тартымды ету маңыздылығы артты.

Қорыта келе, «философия» пәні оқытушысының пәнді оқыту философиясының негізі - адалдық, әділеттілік, адамгершілік пен сүйіспеншілік қағидаларынан ажырамайды.

Оқытушы өз тарапынан әдептілік көрсетіп, дұрыс пен бұрысты үйретіп, конфликтті ситуацияларды реттеп, студенттер мен әріптестерін тиімді және бейтарап тыңдап, ұтымды тұстарын қолдап, құндылықтарын айқындауы керек. Ол үшін оқытушы пәнді жүргізудің ережесін жасап оны қатаң ұстанудың маңыздылығын негізге ала

отырып, қабылдау мен көпмәдениеттілікке, сондай-ақ жанашырлыққа ықпал еткені орынды. Кәмілеттік жасқа толған, өз ісіне өзі жауап беретін студенттің мінез-құлықы мен іс-әрекетін қатаң басқару қажеттілігі жоқ, алайда аудиторияда оған аса зейін қою арқылы өз мүмкіндіктерін толық ашу үшін көмектесуге тырысу мүмкіндігі бар.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Ғарифолла Е. Шимай философиясы. - Егемен Қазақстан. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: [www.egemen.kz: https://egemen.kz/article/156322-shimay-filosofiyasy](http://www.egemen.kz: https://egemen.kz/article/156322-shimay-filosofiyasy). (қарастырылған күні: 02.01.2021).
- 2 D. Schmnidt-Beiat-S. The Origins of Writing. University of Texas at Austin. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED244300.pdf>. (қарастырылған күні: 02.01.2021).
- 3 Мағауин М., Байділдаев М. Бес ғасыр жырылайды. / М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 91 б.
- 4 Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін / Д. Джонстон. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 216 б.
- 5 Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы / Г.Ж. Нұрышева. – Астана: Аударма, 2006, 19 том. – 483 б.
- 6 Ковыршина С.В. Философская автобиография как уникальная форма духовной жизни людей. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://superinf.ru/>. (қарастырылған күні: 02.01.2021).
- 7 Иманбаев А.А. Философия. Әдістемелік нұсқаулар, тақырыптарға қысқаша мәліметтер, логикалық-құрылымды кестемелер, бақылау тапсырмалардың жиынтығы / А.А. Иманбаев. – Тараз: Тараз университеті, 2018. – 437 с.
- 8 Нұрышева Г.Ж. Философия тарихы. / Г.Ж. Нұрышева. – Алматы: «Зият Пресс», 2005. –180 б.
- 9 Кононенко Б.И. Культурология в терминах, понятиях, именах / Б.И. Кононенко. – Москва: 1999. – 405 с.
- 10 Дина Д.Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі: ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 110 б.
- 11 Реале Дж., Антисери Д. Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін. / Дж. Реале, Д. Антисери. – Алматы: 2012. – 628 б.
- 12 Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1-том, Антика философиясы / Э. Кенни. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
- 13 Өлмейтін өсиеттер. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://islam.kz/kk/articles/sozsarasy/olmeitin-osietter> (қарастырылған күні: 02.01.2021).
- 14 Аджи М. Польша полевецкого поля / М. Аджи. – Москва, 1994. – 455 с.
- 15 Ницше Ф. Посмертные афоризмы / Ф. Ницше. – Минск: Попурри, 1999. - 462 с.
- 16 Этимологический онлайн-словарь русского языка [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://lexicography.online/etymology/>. (қарастырылған күні: 02.01.2021).
- 17 Определение вестибюля [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.merriamwebster.com/dictionary/vestibule> (қарастырылған күні: 02.01.2021).
- 18 What Is Vestibule Training? [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.reference.com/business-finance/vestibule-training> (қарастырылған күні: 02.01.2021).
- 19 Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. Түпнұсқаның фотокошірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэзиялық аудармасы / А.Иүгінеки. – Алматы: Ғылым, 1985. -152 б.
- 20 Арабо-татарско-русский словарь. – Казань: Иман, 1993. – Т. 2. – 853 с.
- 21 Якупов М.Т., Шутова Н.С. Адаб как нравственный компонент исламской культуры // Ислам и культура. – 2012. – № 2. – С. 54-57.

- 22 Cambridge University Press. Meaning of bestseller in English [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/bestseller>. (қарастырылған күні: 02.01.2021).
- 23 1996-2021 Amazon.com.Inc. [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.aboutamazon.com/> (қарастырылған күні: 02.01.2021).
- 24 Авдеева А. Книжный червь. История успеха Джеффа Безоса [Электрон. ресурс]. – 2021. – URL: <https://www.forbes.ru/milliardery/366913-knizhnyy-cher-v-istoriya-uspeha-dzheffa-bezosa> (қарастырылған күні: 02.01.2021).

### Гулхан Б. Нурадин

*Таразский региональный университет имени М.Х.Дулата, Тараз, Казахстан*

#### Философия преподавания дисциплины «Философия»

**Аннотация.** Сегодня обучение — это не просто действие, которое передается путем представления и изложения доказательств и информации от одного человека к другому, а, наоборот, предоставление каждому обучающемуся возможности строить свое собственное, опираясь на наши практические знания и опыт понимания мира. Чем больше у обучающегося опыта, тем больше у него мотивации к изменениям и развитию. Философия - фундамент основ и принципов человеческого бытия, система разработанных учений о смысловых характеристиках отношений человека к природе, обществу и духовной жизни, особая форма познания мира и философия его обучения, стремящаяся через рациональные средства к построению обобщенной картины мира и определению роли человека в ней. В статье предлагаются индивидуальный образовательный опыт для студентов, осваивающих образовательную программу по направлению «Философия» и студентов, обучающихся по другим образовательным программам, варианты учебных занятий в соответствии с учебной программой и апробированные контекстные факторы. Данные практики помогли упростить индивидуальные учебные процессы и сделать дисциплину более привлекательной для студентов нефилософов. И самое главное, этот опыт служит глубокой цели - привитие мудрости и добра, истины и честности, популяризация наших национальных ценностей через овладение студентами философией. Кроме того, это помогает развить у студентов чувство значимости жизни, непрестанное стремление к успеху, неиссякаемое и неисчерпаемое мастерство усвоения жизненных уроков, таких как отсутствие страха перед ошибками на пути к инновациям.

**Ключевые слова:** философия обучения; философская автобиография; след добродетели; пре-пост письмо; фаза созерцания; фаза действия.

### Gulkhan B. Nuradin

*M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan*

#### Philosophy of teaching the discipline «Philosophy»

**Abstract.** Today, learning is not just an action that is transmitted by presenting and describing the evidence and information from one person to another, but, on the contrary, giving each student the opportunity to build their own, based on our practical knowledge and experience of understanding the world. The more experience the students have, the more motivation they have for change and development. Philosophy is the foundation of the bases and principles of human existence, a system of developed teachings on the semantic characteristics of human relations to nature, society, and spiritual life, a special form of cognition of the world and the philosophy of its teaching, striving through rational means to build a generalized picture of the world and determine the role of man in it. The article offers an individualized educational experience for students mastering the educational program in the direction of «Philosophy» and students studying in other educational programs, options for training sessions in accordance with the curriculum, and tested contextual factors. These practices have helped to simplify individual learning processes and make the subject more attractive when conducting the discipline «philosophy» for non-philosophy students. And most importantly, this experience serves a deep purpose -instilling wisdom and goodness, truth and honesty, popularization of our national values through

mastering philosophy by students. In addition, it helps to develop students' sense of the importance of life, the incessant pursuit of success, inexhaustible mastery of life lessons, such as the need not to be afraid to make mistakes, striving for innovation.

**Keywords:** the philosophy of learning; philosophical autobiography; the trace of virtue; the scripture; the phase of contemplation.

### References

- 1 Esim Ğ. Shumai filosofiasy [The philosophy of the line], Available at: [www.egemen.kz: https://egemen.kz/article/](http://www.egemen.kz/article/). [in Kazakh], (accessed 02.01.2021).
- 2 Denise Schmandt-Beiat-S. The Origins of Writing. The University of Texas at Austin. Available at: <https://files.eric.ed.gov/fulltext/ED244300.pdf>. (accessed 2.01.2022.)
- 3 Мағайын М., Байдильдаев М. Bes ғасыр jyrlaidy [five centuries sing], (Jazyshy, Almaty, Vol. 1, 91 p.). [in Kazakh].
- 4 Djonston D. Filosofianyń qysqasha tarihy: Sokrattan Derridaǵa dein [A brief history of Philosophy: From Socrates to Derrida], («Ulttyq aýdarma búrosy» qoǵamdyq qory, Almaty, 2018, 216 p.), [in Kazakh].
- 5 Nurysheva G.J. Adam ómiriniń filosofialyq máni. Filosofialyq antropologia. Mádeniet filosofiasy. Din filosofiasy [The philosophical meaning of human life. Philosophical anthropology. Philosophy of culture. Philosophy of religion]. (Audarma, Astana, 2006, Vol. 19, 483 p.), [in Kazakh].
- 6 Kovyrshina S.V. Filosofskaya avtobiografiya kak unikal'naya forma duhovnoj zhizni lyudej [Philosophical Autobiography as a Unique Form of People's Spiritual Life], Available at: <https://superinf.ru/>. [in Russian], (accessed 02.01.2022).
- 7 Imanbaev A.A. Filosofia. Ádistemelik nusqaýlar, taqyryptarǵa qysqasha málimetter, logikalyq-qurylymdy kestemeler, baqylaý tapsymalardyń jyntyǵy [Philosophy. Methodological recommendations, brief information on topics, logical and structured tables, a set of control tasks], (Taraz ýniversiteti, Taraz, 2018, 437 p.), [in Kazakh].
- 8 Nurysheva G.J. Filosofia tarihy [History of Philosophy], («Ziat Pres», Almaty, 2005, 180 p.), [in Kazakh].
- 9 Kononenko B.I. Kul'turologiya v terminah, ponyatiyah, imenah [Cultural studies in terms, concepts, names], (Moscow, 1999, 405 p.), [in Russian].
- 10 Dına B. Qazaq tilindegi maqal-mátelderdiń tanymdyq pragmatikalıyq aspektisi. f.ǵ.k. diss. qoljazbasy [Cognitive pragmatic aspect of Proverbs and sayings in the Kazakh language. Ph.D. diss. manuscript]. Almaty, 2002, 110 p., [in Kazakh].
- 11 Reale Dj., Antiseri D. Batys filosofiasy: bastaýynan búgingi kúнге dein [Western Philosophy: from its origins to the present], (Almaty, 628 p.), [in Kazakh].
- 12 Kennu E. Batys filosofiasynyń jańa tarihy, 1-tom, Antika filosofiasy [Modern history of Western philosophy, Volume 1, philosophy of antiquity], («Ulttyq aýdarma búrosy» qoǵamdyq kory, Almaty, 408 p.), [in Kazakh].
- 13 Ólmeitin ósietter [Immortal Commandments], Available at: <https://islam.kz/kk/articles/>. [in Kazakh], (accessed 02.01.2022).
- 14 Adzhi M. Polyn' poloveckogo polya [Wormwood of the Polovtsian field], (Moscow, 1994, 455 p.), [in Russian].
- 15 Nicshe F. Posmertnye aforizmy [Posthumous aphorisms], (Popurri, Minsk, 1999, 462 p.), [in Russian].
- 16 Etimologicheskij onlajn-slovar' russkogo yazyka [Etymological online dictionary of the Russian language], Available at: <https://lexicography.online/etymology/>. [in Russian], (accessed 02.01.2022).
- 17 Opredelenie vestibulya [Definition of the lobby], Available at: <https://www.merriamwebster.com/> [in Russian], (accessed 02.01.2022).
- 18 What Is Vestibule Training? Available at: <https://www.reference.com/business-finance/vestibule-training> (accessed 02.01.2022).
- 19 Iygineki A. Aqiqat syjy. Tupnusqanyn fotokoshirmesi, transkriptciyasi, prozalyq zhane poeziyalıq audarmasy [The gift of truth. Photocopying, transcription, prose, and poetry translation of the original], (Qylym, Almaty, 1985, 152 p.), [in Kazakh].



- 20 Arabo-tatarsko-russkii slovar' [Arabic-Tatar-Russian dictionary], (Iman, Kazan', 1993, Vol.2, 853 p.), [in Russian].
- 21 Yakupov M.T., Shutova N.S. Adab kak npravstvennyi komponent islamskoi kul'tury, Islam i kul'tura [Adab as a Moral Component of Islamic Cultureю Islam and Culture.]. 2012. No. 2. P. 54-57, [in Russian].
- 22 Meaning of bestseller in English. Cambridge University Press. Available at: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/bestseller>. (accessed 02.01.2022).
- 23 1996-2021 Amazon.com, Inc. Available at: <https://www.aboutamazon.com/>.(accessed 19.11.2021).
- 24 Avdeeva, A. Knizhnyj cherv'. Istoriya uspekha Dzheffa Bezosa [Bookworm. The success story of Jeff Bezos], Available at: <https://www.forbes.ru/milliardery/366913-knizhnyy-cherv-istoriya-uspeha-dzheffa-bezosa>. [accessed 19.11.2021), [in Russian].

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Нұрадин Гүлхан Болатқызы** – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «философия және саясаттану» кафедрасының доценті. Тараз, Қазақстан.

**Gulkhan Nuradin Bolatkyzy** – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of Department of Philosophy and Political Science, M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.